*Жоба*

# «Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №57 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғау қағидаларын бекіту туралы» облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 23 қыркүйектегі №57 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғау қағидаларында:

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4 тарау. Жасыл желектерді құру, күтіп ұстау және қорғау жөніндегі шаралар»;

26 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«26. Жасыл екпелерді құру, күтіп ұстау және қорғау өзара байланысты жұмыстардың мынадай кешендеріне бөлінеді:

1) суару көзімен қамтамасыз ету;

2) ағаштарды, бұталарды, көпжылдық гүлдер мен бұталы қоршауды үш жылдық күтіммен (қажет болса топырақты ауыстыру арқылы) отырғызу;

3) бір жылдық гүлзарлар мен көгалдардың құрылысы;

4) ағаштарды кесу, қайта отырғызу;

5) үш жылдық күтімімен ағаштарды өтемдік отырғызу;

6) жасыл екпелерді күтіп ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету);

7) жасыл екпелерді мониторингтеу, түгендеу.

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

26-1. Жасыл екпелерді күтіп ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету) мыналарды қамтиды:

ағаштардың діңгек қуысын орнатумен және оларды қопсыту және арамшөптерден тазарту;

ағаш дiңiн ақтау;

бұталы қоршауды кесу, ағаштардың діңін көтеру, өскінді алып тастау;

шөп шабу, арамшөптерді жою;

жасыл екпелерді қымтау (ағаштар, бұталар, көпжылдық гүлдер);

бүкіл вегетациялық кезеңде жасыл екпелерді суару;

ағаш тәжін тәждеу;

ағаштардың тәжін қалыптастыру;

қаңқа және жартылай қаңқа бөліктерін сақтай отырып, ағаш-бұта өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып жасартатын кесу;

апатты, қураған ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу, діңгектерді тамырымен жұлу;

тыңайтқыштарды қолдану;

жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу;

қуыстарды тазалау және пломбалау, аралау орындарын өңдеу».

58 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі №265 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33476 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган есептейді».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың төрағасы Г.СҮЙІНТАЕВА.**

# КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

**Ақтөбе облысы Қоғамдық кеңесі кеңес құрамын толықтыру мақсатында конкурстық іріктеуден өтуге ниет білдірген бюджет, құрылыс, білім, денсаулық сақтау, өнеркәсіп салаларында кәсіби қызметтік тәжірибесі бар коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтар арасында құрамнан шыққан 4 мүшенің орнына конкурс жариялайды.**

Атауы: Ақтөбе облысының мәслихаты — Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесі;

Пошталық мекенжайы: 030003, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Әбілқайыр хан даңғылы, 40, 5-каб.

Электронды пошта*:* **kogamdykkenes_aktobe@mail.ru**

Анықтама үшін телефон*: 8 (7132)-* 467668*. 8-702-3517532*.

Құжаттарды тапсыру мерзімі*:* **2023 жылдың 2** шілдесінен **16** шілде аралығында.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар*:* Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған және Ақтөбе облысының аумағында тұрақты тұратын азамат Қоғамдық кеңесі мүшелігіне кандидат бола алады.

ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының (әрі қарай -Заң) 10-бабы 1- тармағына сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттың*:*

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауы;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауда кінәлі деп танылмаған болуы;

3) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Заңның 10- бабы 2- тармағына сәйкес, конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттар:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды өз бетінше немесе өзінің қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің көрсетілген анықтамаларды ақпараттық жүйелерден талап етіп алдыруына жазбаша келісуі арқылы ұсынады.

Кандидаттар мынадай жағдайлардың бірі болған кезде:

1) осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбаса;

3) анық емес ақпаратты қамтитын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынса, сайлану үшін конкурсқа жіберілмейді.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 4-тармағына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлғадан Қоғамдық кеңеске бір ғана өкіл сайлана алады. Республикалық деңгейдегі қоғамдық кеңестерді қалыптастыру кезінде сол бір адам бір Қоғамдық кеңестің ғана мүшесі болып сайлана алатынын хабарлаймыз.

Коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар белгіленген мерзімде құжаттарды жазбаша түрде Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, **5-кабинет, сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін (13.00-14.00- үзіліс, сенбі, жексенбі —** демалыс), мемлекеттік және/немесе орыс тілінде, қағаз және электронды тасымалдағыштарда ұсынады.

## 2024 жартыжылдық қорытындысы бойынша «Компания «Техногаз» ЖШС жыл сайынғы тыңдауын өткізу туралы

Ақтөбе қаласы, Ломоносов көшесі, 11в мекенжайында орналасқан «Техногаз «Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Заңының 26-бабы 2-тармағының 13 тармақшасына сәйкес тауарлық газды тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсыну бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы 2024 жылға жартыжылдық есеп өткізетіні туралы хабарлайды.

**Тыңдау 2024 жылы 31 шілдеде сағат 11.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Кенқияқ ауылында Балуанов көшесі, 11-2 мекенжайында өтеді.**

## «Heidelberg Kurylys Cement» ЖШС

**Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауыл аймағы мекенжайы бойынша орналасқан «Heidelberg Kurylys Cement» ЖШС үшін РООС бөлімі бар «Қиыршықтас зауытының құрылысы» жобасы және атмосфераға рұқсат етілген ластаушы заттардың шығарындыларының Нормативтерін белгілеу бойынша ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.**

Қоғамдық тыңдау 2024 жылғы 5 тамыз, сағат 15.00-де, Ақтөбе обл. Мұғалжар ауданы Мұғалжар ауылы, Наурыз көш. (нөмері жоқ), Мұғалжар ауылының Орта мектебі мекенжайы бойынша өтеді.

ZOOM платформасында онлайн режимінде тыңдауларға қатысу үшін: https://us05web.zoom.us/j/89447145706?pwd=bdlyeZYvMg4lPoohm5teBVdIeOGCCZ.1

Конференция сәйкестендіргіші: 894 4714 5706.

Қол жетімді коды: jT3KF2.

Бастамашысы: ЖШС «Heidelberg Kurylys Cement», БИН 170740033936, Алматы қ., Амангелді көш., 49А, Мұңайшы БО, 605-офис мекенжайы бойынша орналасқан.

Жобаны әзірлеуші: «Экависмут» ЖШС, ЖСН: 121040020883 (+7(701)396-58-14, ecovismut@mail.ru), Ақтөбе қ. Сәңкібай батыр, 1, 333-каб.

Материалдармен https://ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпарат +7(701)6116728 тел. арқылы, эл.мекенжай: ecovismut@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде БЭП, сондай-ақ Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 «Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7132)550934, nedra2004@inbox.ru эл.адресі бойынша қабылданады.

## «High tech Solution Ltd» ЖК

**ҚР Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 6.08.2024 жылы сағат 14.30-да Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қызылбұлақ а.о., Кемерши а., Бірлік көшесі, 15 мекенжайы бойынша экологиялық бағалау материалдарымен (қоршаған ортаны қорғау бөлімдері (ҚОҚБ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарлары) «Жобалық тереңдігі 1950 м Көпбұлақ учаскесінде іздестіру ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жоба» және «Ақтөбе облысындағы Көпбұлақ учаскесінде №26 ұңғыманы консервациялау және сынау жобасы» бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.**

**Әсер ету аумағының географиялық координаттары:** Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, 47°46 ' 00 «С.Е. 56°54' 00 « Ш.Б.

ZOOM платформасында бейнеконференц байланыс арқылы қосылуға шақыру сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/4956166428?pwd=PCcCrwZADCkXOPioI4rW7ao0BCARZa.1.

**Конференция идентификаторы:** 495 616 6428.

**Кіру коды:** 1234567.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефоны бойынша хабарласуға болады.

**Тапсырыс беруші:** «High tech Solution Ltd», Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, 224-үй, БСН 201140900212, тел.: 87015714088.

**Жобаны әзірлеуші** — «АСУ-ЭКО» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы Сазды ауылы, Бауырластар көшесі, 45, электронды пошта: gul_shat_k@mail.ru, тел.: 87024190246.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электронды мекенжай және телефон нөмірі: gul_shat_k@mail.ru , 87024190246.

Жергілікті атқарушы органның электронды мекенжайы және пошталық мекенжайы:

Жергілікті атқарушы орган — «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды мекенжайы: expert_oos@mail.ru, тел.: 8 (7132) 55-26-28.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: (https://ecoportal.kz), сондай-ақ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады (https://ecoportal.kz).

**Семинар**

# БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының облыстық филиалында информатика пәні мұғалімдеріне арналған «Нейро желі және жасанды интеллект» тақырыбында облыстық семинар өтті.**

Мақсат — педагогтердің кәсіби біліктілігін арттырып, білім беру мазмұнында нейро желі және жасанды интеллект мүмкіндіктерін жүйелі, тиімді қолдану тәжірибесімен бөлісу.

Жасанды интеллект қызметтері бүгінде мектеп өміріне берік еніп келеді. Сондықтан оларды дұрыс қолдануды және шығындарды жоспарлауды үйрену маңызды.



Семинар барысында мұғалімдер жасанды интеллект жүйелерінің негіздерін үйреніп, нейрондық желілермен жұмыс істеудің заманауи білім беру технологияларын қолдануда тәжірибелерімен бөлісті, практикалық дағдыларын қалыптастырды.

Нейрондық желілер мұғалімдер мен оқытушылардың күнделікті жүктемесін азайтуға, оқушыларды жекелендіруге және сабақты көңілді ұйымдастыруға, оқушыларды моральдық тұрғыдан қолдауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, мектептер осы жаңа әлемге неғұрлым ертерек қадам басып, қатыса бастаса, соғұрлым жоғары оқу стандарттарын сақтай отырып жаңа жағдайларға бейімделу оңайырақ болады.

**Бәдигүл АСАНБАЙ,**
**«Өрлеу» БАҰО» АҚ**
**Ақтөбе облысы бойынша**
**КДИ филиалы**
**«Педагогика және пәндік әдістер» кафедрасының**
**аға оқытушысы.**

**Тілсіз жау**



# ӨРТТЕН САҚ БОЛАЙЫҚ

**Өрт — тілсіз жау. Оның салдары өте көп. Өрт оқиғасына, негізінен, тұрғындардың салғырттығы, көлік иелерінің темекі тұқылын сөндірмей жол жиегіне тастауы, жеке шаруашылық техникаларының жер жырту кезінде істен шығып, ақаулары кесірінен оттың ұшқындауы секілді мәселелер себеп болады.**

Қала маңында орналасқан бау-бақша мекенжайларындағы үйлердің тұрғындарынан дала өрттерін болдырмау үшін сенбілік кезінде үй маңындағы құрғақ шөп пен қоқысты тазалауларын және қауіпсіздік шараларын сақтауларын сұраймыз. От жағу, қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтарды өртеу жұмыстары ғимарат пен үй-жайлардан 50 метр қашықтықта істелуі қажет.

Өрттің кесірінен болатын зардаптардың орнын толтыру мүмкін бола бермейтінін әр адам ұмытпағаны дұрыс. Өз өміріміз бен жақындарымыздың өміріне, маңдай термен жинаған материалдық құндылықтарымызға жауапкершілікпен қараған жөн. Өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтайық!

**Б.САҒИЕВ,**
**№1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары,**
**азаматтық қорғау майоры.**
**Ақтөбе қаласы.**




Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС**

**Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған**

**Директор**
**Раукен ОТЫНШИН**

**Директордың орынбасары**
**Айгүл НҰРКЕЕВА**

**Бас редактор**
**Сәтжан ДӘРІБАЙ**

**Бас редактордың орынбасары**
Мейрамгүл САТАЕВА

**Жауапты хатшы**
Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі**
Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64
**Тілшілер**
Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақерке САТЫБАЛДЫ, Ақмарал МҰҚАШЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі**
Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64
**Тілшілер**
Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Арайлым НҰРБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**
**Бөлім меңгерушісі**
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37
**Тілшілер**
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**Сайт редакторы** Аслан СЫДЫҚОВ
**Фототілші** Хайреден РАУШАНОВ
**Беттеушілер** Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Лаура ЖАППАРОВА
**Теруші** Гүлмара АЙНАЗАРОВА
**Корректорлар** Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақбота АҚДӘУЛЕТОВА
**Жазылу және тарату бөлімі** 90-71-67
**Жарнама бөлімі** 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.
Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.
**Сайт:** www.aqtobegazeti.kz
**E-mail:** aktobegazeti@mail.ru
Аптасына 2 рет шығады.
**Таралымы 11501 Тапсырыс №842**
**Нөмірдің кезекші редакторы**
Кәмшат Қопаева

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

**Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды**